Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Философия және саясаттану факультеті

ФИЛОСОФИЯ

Дәрістер



Сулейменов Пірімбек Мұханбетұлы
философия кафедрасының доценті.

Алматы, 2026

№1 ДӘРІС · ФИЛОСОФИЯ

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСІ

Дәріс мақсаты

Философияның пайда болуы мен қалыптасуын, сонымен қатар философияның зерттеу объектілері мен әдісін анықтау.

Дәріс жоспары

01

Философия пәні және танымның ерекшелігі.

02

Дүниеге көзқарастың формалары мен түрлері.

03

Философияның ғылымдармен өзара байланысы.

ФИЛОСОФИЯ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Философия дегеніміз не?

Философия – адамзат мәдениетінің қайталанбас әрі ерекше құбылысы.

Философия – материя мен сана, таным мен болмыс, адам мен қоғам жайлы адамзат ой-санасының даму барысында жинақталған, жүйеленген ғылыми ой-пікірдің теориялық жиынтығы.

Философияны мақсатты түрде оқу мыналарға жетелейді:

- ойлау мәдениетінің өсуіне;
- өзіндік сананың қалыптасуына;
- дүниежүзілік мәдениет пен өркениеттің байлықтарын тұрақты және жүйелі игеруге;
- табиғат, қоғам болмысының даму заңдылықтарын түсінуге;
- мамандықты саналы таңдап, жетілдіруге.

Философия барлық ғылымдардан бұрын дүниеге келгендіктен, оны **«ғылымдардың ғылымы»** деп те атаған.

МИФОЛОГИЯ, ДІН ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

Мифология

Ең алғашқы дүниетанымдық пікір мифология түрінде пайда болды. Сөз гректің екі сөзінен құралған: **mifos** – аңыз, **logos** – ілім. Мифологиямен бірге жазу мәдениеті пайда болды.

Дін

Мифология негізінде дін дүниеге келді. Барлық діндер мифологияда кездесетін ертегі, аңыздарды пайдаланады. Дін нәрсенің себебін ашып көрсетпеді, тек иланудан талап етті. Дін мифологияны қабылдап, оның қағидаларын бүтіндей қолдану негізінде қалыптасты.

Философия

Философия дүниеге келген кезінен бастап мифологиямен қатар дамып, діни түсініктерге қарсы күресте шыңдалды. Ол ойлау, зерттеу, сын көзбен қарау негізінде дүниеге келді.

Неге «ғылымдардың ғылымы»? Ол кезде әлем туралы алдыңғы қатарлы тұжырымдар мен пікірлер өз алдына ғылым ретінде бөлінбегендіктен, оларды философия өз бойына жинақтады. Сондықтан философ әрі дана, әрі табиғатты зерттеуші, сынаушы, байқаушы ретінде көрінді.

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ

Қашан және қайда?

Философия бұдан бірнеше мың жыл бұрын **Қытайда, Үнді елінде, Египетте, Вавилонда** пайда болды.

Классикалық түрі

Бұдан 2500 жыл бұрын (б.з.д. V ғасыр шамасында) **Афин қаласындағы грек демократиясында** классикалық түрге ие болып, ерекше білім ретінде қалыптасты.

Философияның міндеті – мына сұрақтарға жауап іздеу:

- Дүние қалай жаратылған, бастамасы қайда? Ол мәңгілік пе?
- Адам дегеніміз не, оның дүниедегі орны қандай?
- Ақиқат пен жалғанның ара салмағы неде?
- Өмір сүрудің мәні бар ма? Адам өмірінің мәні неде?
- Адам баласы қалай пайда болды?
- Қозғалыс мәңгі ме, әлде уақытша ма?

ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ БІЛІМ

Термин

«Дүниеге көзқарас» термині ғылым тіліне, күнделікті сөзге терең енді. Ол алғаш рет XVIII ғ. неміс философиясы мен мәдениетінде (Кант, Фихте, Гете) кездеседі; адамға тән, оны іштей реттеп отыратын рухани құрылымды белгілейді.

Әртүрлілігі

Адамның дүниеге қарым-қатынасы сан-қилы, сондықтан көзқарасы да әртүрлі. Олардың себебін біліп, ажырата білу керек. Дүниеге көзқарасты анықтаудың ең жақын әдісі – білім мен құндылық қатынасты байланыстыру.

Мазмұны

Дүниеге және сол дүниедегі адамның орнына қатысты көзқарас, тұтастыққа ие болған жүйе. Ол байқау, сезу және ойлау арқылы пайда болады, яғни білімге байланысты.

Біліміміз

Объективті, біздің санамызға, іс-әрекетімізге тәуелсіз өтіп жатқан заттар мен құбылыстардың, қатынастардың құрылымы мен заңдылықтары, басқалармен байланысы туралы деректер жиынтығы.

ФИЛОСОФИЯҒА БЕРІЛГЕН АНЫҚТАМАЛАР

Сократ

«Философия – ойлау арқылы ақиқатқа, білімге жету.»

Геродот

«Философия – білімді, ақылдылықты сүю.»

Аристотель

«Философия – ғылымдар негізі.»

Августин

Ортағасырдың діни ойшылы: философия – ақылдылыққа құштарлық.

Декарт

«Философия – даналық, адам танып-біле алатын заттар туралы егжей-тегжейлі, жан-жақты білім.»

Қорытынды

Осы анықтамаларға сүйенсек, **философия – көзқарастың бір түрі.**

07

«ФИЛОСОФ» ТЕРМИНІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ БӨЛІНУІ

«Философ» термині

Ертеде әр нәрсенің себебін білгісі келгендер діни және жай ұғымдарға қанағаттанбай, құбылыстардың түбіне үңіліп, өзіндік пікір айтты. Оларды «философ» деп атады. Бұл сөзді алғаш рет грек ойшылы, математигі **Пифагор** (б.з.д. 580–500) енгізді; Еуропа мәдениетінде ол **Платонның** (б.з.д. 427–347) атымен тығыз байланысты. **Philo** – сүйемін, **sophia** – даналық, яғни «даналықты сүйемін». Араб тілінде – «фәлсәфа».

Философия және ғылымдар

Философ алғашқыда «натурфилософ» болды. Философия пайда болғаннан бастап барлық ғылымды қамтыды, яғни ғылымның ғылымы болды. Кейін әр пән өз алдына бөлінді (ғылымды жіктеу, дифференциялау):

- б.з.д. IV ғ. – теориялық логика;
- б.з.д. II ғ. – математика (Евклид геометриясы, арифметика), астрономия (астрологиямен бірге);
- кейінірек – филология, т.б.

Философияның басы – таңдану. Сократ: «Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін». Таңданған адам заттың, құбылыстың себебіне тереңдеп үңіліп, философиялық пайымдау жасауға ұмтылады. Ғылыми таным философиясына білімге еркіндік, тәуелсіздік тән.

ДҮНИЕНІ СЕЗІНУ МЕН ҚАБЫЛДАУ. ҚОРЫТЫНДЫ

Адамның объективті дүниені танудың алғашқы формалары – дүниені сезіну және дүниені қабылдау – эмоционалды-сезімдік сфералармен, түйсіктермен байланысты. Әрбір адам жастайынан дүниені танып біле бастайды, заттар мен құбылыстар жайында білімдер жинақтайды.

Дүниені сезіну

Мысалы, оптимистік және пессимистік көзқарастар дүниені сезінумен байланысты.

Дүниені қабылдау

Сол сезімдер негізінде қалыптасқан образдар мен бейнелер. Мысалы, белгілі бір өткен немесе келешекте болатын өмір жағдайларын елестету.

Қорытынды

қалыптасады. Адам заттар мен құбылыстар жайында білім жинақтай отырып, дүние неге былай құрылған, адамның тууы мен өлімінің, бақыты мен қайғы-қасіретінің себебі неде деген мың-сан сұрақтар қойып, оларға жауап іздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ғабитов Т.Х. Философия. – Алматы, 2024.
2. Хасанов М., Петрова В., Джамбаева Б. Философия. – А., 2014.
3. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия I, II том. – Алматы, 2010.
4. Аташ Б.М. Философия. – Алматы, 2014.
5. Ғабитов Т.Х. Философия. – Алматы, 2022.
6. Грядовой Д.И. Философия. – М., 2012.
7. Лавриненко В.Н. Философия. Учебник для вузов. – М., 2012.
8. Иманқұл Н. Философия әлемінде: болмысы мен тарихы. – Алматы, 2006.
9. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 2009.
10. Алтай Ж., Қасабек А. Философия тарихы. – А., 2008.
11. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – А., 2009.
12. Дүниежүзілік философияның онтологиясы. 12 томның 10-т. – 2009.
13. Алексеев П.А., Панин А.В. Философия. Учебник для вузов. – М., 2006.
14. Әл-Фараби. Шығармаларының 10 томдық жинағы. – Алматы, 2005–2008.
15. Мырзалы С. Философия. – Алматы, 2008.